

**«Электроника және ақпараттық технологиялар» бөлім жиынының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар саны: 21

Өткізілген уақыты: 03.09.2024ж.

Өткізілген орны: 311 каб

Күн тәртібінде:

1. «Әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Үкіметтің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы №1147 қаулысымен таныстыру;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама ережелерін оның ішінде сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті түсіндіретін жаднамалар мен хабарламаларды тарқату;
3. Бөлім бойынша комплаенс қызметкерін тағайындау.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бөлім меңгерушісі Қ.Әбдіқалықұлы ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы №1147 қаулысымен бекітілген «Әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының» сапалы орындалуын бақылау және кемшіліктерді болдырмау мақсатында баяндама жасады. Аталған нормативтік құқықтық актідегі білім саласына тиесілі тармақтар бойынша алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар және іс-шаралар туралы айтылды және ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бақылауында екенін айтты. Осы тарапта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша колледж жұмысы жоспардың орындалуымен бағаланып, Үкімет қаулысымен бекітілген іс-шараларды сапалы және уақтылы орындап, департаментке тиісті ақпараттың уақтылы ұсынылуын қамтамасыз ету қажеттігін айтып өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР 2005 жылғы 18 қарашадағы (№410-V ҚРЗ) Заңы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іске асыруға бағытталғандығы туралы қайта еске салынды. Заңның алғашқы тарауының Заңда қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру бойынша, оның қолдану аясы, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы, негізгі қағидалары мен мақсат, міндеттері бойынша талқылау жасалды.

Үшінші мәселеде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асуына мониторинг жүргізу мақсатында комплаенс-қызметкерінің мүшелігіне бөлімнен бір қызметкерді ұсыну талқыланды. «Электроника және ақпараттық жүйелер» пәндік бірлестік төрағасы М.Нәлібаев бірлестік оқытушысы Алтынова Бағила Лесовна кандидатурасын ұсынды. ПБК құрамы бір ауыздан қолдады. Бөлім комплаенс-қызметкері, оқытушы Б.Л.Алтынова деп жарияланды.

Қаулы:

1. ҚР Үкіметтің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы №1147 қаулысы бойынша бекітілген іс-шараларды сапалы және уақтылы орындалсын;
2. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес колледж оқытушылар мен қызметкерлердің арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мүдделер қақтығысын болдырмау және оларды шешу жұмыстарын тұрақты өткізу жалғастырылсын;
3. Бөлім комплаенс-қызметкеріне Б.Л.Алтынова тағайындалды.

Төрағасы:











Хатшы:



К.Әбдіқалықұлы

Б.Алтынова

«Электроника және ақпараттық технологиялар» бөлім жиынының №1
хаттамасының қаулысымен танысқандығы туралы

№	Оқытушының аты-жөні	Танысқандығы туралы белгі
1.	Ахметова Жанат	
2.	Ахметовна Рабиға	
3.	Ахметов Мұрат	
4.	Бакбергенов Байрағат	
5.	Сығандықова Тұрғын	
6.	Алтонов Батыр	
7.	Битиширова Кәсіп	
8.	Ерошкин Тұнар	
9.	Срненов Рената	
10.	Демонлов Берік	
11.	Мамбетов Ану	
12.	Исид Айтжан	
13.	Дехтерев С.Г.	
14.	Редерев Г.И.	
15.	Ахметов Р.	
16.	Молдаев А.Б.	
17.	Тумуров Н.Т.	
18.	Ахметов М.А.	
19.	Ахметов А.не	
20.	Ахметов Р.К.	
21.	Ахметов Р.М.	
22.		
23.		
24.		
25.		
26.		